

Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 877 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 164 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 4-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы "Кеден одағының "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентін қабылдау туралы" № 877 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 164 шешіміне
ҚОСЫМША

Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 877 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 2.2.-тармақтағы "өнімнің сәйкестігі (растау)" деген сөздер "техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген Шешіммен бекітілген қолдану нәтижесінде еркін негізде Кеден одағының "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) талаптарын сақтау қамтамасыз етілетін стандарттар тізбесі мынадай мазмұндағы 159⁴-159⁶-тармақтармен толықтырылсын:

р/с №	Кеден одағының техникалық регламентінің элементтері	Стандарт белгісі	Стандарт атауы	Ескертпе
1	2	3	4	5

159 ⁴	№ 10 қосымша 117-тармақ. Спутниктік навигация аппаратурасы	МЕМСТ 56360-2015 (5.4-тармаққа ескертуді қоспағанда)	"Ғаламдық навигациялық спутниктік жүйе. Жолаушыларды коммерциялық тасымалдау үшін пайдаланылатын М санаттағы доңғалақты көлік құралдарын жарақтандыруға арналған спутниктік навигация аппаратурасы. Жалпы техникалық талаптар"	01.06.2017 дейін қолданылады. 01.06.2017 дейінгі өтпелі кезеңде МЕМСТ 56360-2015 стандарты да оны алмастыратын МЕМСТ 33472-2015 стандарты да (159 ⁶ - тармақты кара) қолданылуы мүмкін
159 ⁵	№ 10 қосымша 117-тармақ. Спутниктік навигация аппаратурасы	МЕМСТ 56361-2015 5.3-тармаққа ескертуді қоспағанда)	"Ғаламдық навигациялық спутниктік жүйе. Қауіпті, арнайы, ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті жүктерді, қатты тұрмыстық қалдықтарды және қоқыстарды тасымалдау үшін пайдаланылатын N санаттағы доңғалақты көлік құралдарын жарақтандыруға арналған спутниктік навигация аппаратурасы. Жалпы техникалық талаптар"	01.06.2017 дейін қолданылады. 01.06.2017 дейінгі өтпелі кезеңде МЕМСТ 56361-2015 стандарты да оны алмастыратын МЕМСТ 33472-2015 стандарты да (159 ⁶ - тармақты кара) қолданылуы мүмкін
159 ⁶	№ 10 қосымша 117-тармақ. Спутниктік навигация аппаратурасы	МЕМСТ 33472-2015	"Ғаламдық навигациялық спутниктік жүйе. М және N санаттағы доңғалақты көлік құралдарын жарақтандыруға арналған спутниктік навигация аппаратурасы. Жалпы техникалық талаптар"	01.01.2017 дейін қолданылады. 01.06.2017 дейінгі өтпелі кезеңде МЕМСТ 33472-2015 стандарты да оны алмастыратын МЕМСТ 56360-2015 (159 ⁴ -тармақты кара) және МЕМСТ 56369-2015 (159 ⁵ - тармақты кара) стандарты да қолданылуы мүмкін

3. Көрсетілген Шешіммен бекітілген зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Кеден одағының "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) талаптарын қолдану мен орындауға қажетті үлгілерді іріктеу және өнімнің сәйкестігін бағалауды (растауды) жүзеге асыру қағидаларын қамтитын стандарттар тізбесінде:

а) атауындағы "өнімнің сәйкестігі (растау)" деген сөздер "техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) мынадай мазмұндағы 1379-13712-тармақтарымен толықтырылсын:

р/с №	Кеден одағының техникалық регламентінің элементтері	Стандарт белгісі	Стандарт атауы	Ескертпе
1	2	3	4	5
137 ⁹	№ 10 қосымша 117-тармақ. Спутниктік навигация аппаратурасы	МЕМСТ 56362-2015	"Ғаламдық навигациялық спутниктік жүйе. Доңғалақты көлік құралдарын жарақтандыруға арналған спутниктік навигация аппаратурасы. Функционалдық тестілеу әдісі"	01.06.2017 дейін қолданылады. 01.06.2017 дейінгі өтпелі кезеңде МЕМСТ 56362-2015 стандарты да оны алмастыратын МЕМСТ 33473-2015 стандарты да (137 ¹¹ - тармақты қара) қолданылуы мүмкін
137 ¹⁰	№ 10 қосымша 117-тармақ. Спутниктік навигация аппаратурасы	МЕМСТ 56363-2015	"Ғаламдық навигациялық спутниктік жүйе. Доңғалақты көлік құралдарын жарақтандыруға арналған спутниктік навигация аппаратурасы. Сынақ әдісінің электр қауіпсіздігі, климаттық және механикалық өзара әрекеттесуінің талаптарына сәйкестігі"	01.06.2017 дейін қолданылады. 01.06.2017 дейінгі өтпелі кезеңде МЕМСТ 56366-2015 стандарты да оны алмастыратын МЕМСТ 33474-2015 стандарты да (137 ¹² - тармақты қара) қолданылуы мүмкін
137 ¹¹	№ 10 қосымша 117-тармақ. Спутниктік	МЕМСТ 33473-2015	"Ғаламдық навигациялық спутниктік жүйе. Доңғалақты көлік құралдарын жарақтандыруға арналған спутниктік	01.01.2017 дейін қолданылады. 01.06.2017 дейінгі өтпелі кезеңде МЕМСТ 33474-2015 стандарты да оны алмастыратын МЕМСТ 56363-2015

	навигация аппаратурасы		навигация аппаратурасы. Функционалдық тестілеу әдісі"	(137 ¹⁰ -тармақты кара) және МЕМСТ 56369-2015 (137 ⁹ - тармақты кара) стандарты да қолданылуы мүмкін
137 ¹²	№ 10 қосымша 117-тармақ. Спутниктік навигация аппаратурасы	МЕМСТ 33474-2015	"Ғаламдық навигациялық спутниктік жүйе. Доңғалақты көлік құралдарын жаратқандыруға арналған спутниктік навигация аппаратурасы. Сынақ әдісінің электр қауіпсіздігі, климаттық және механикалық өзара әрекеттесуінің талаптарына сәйкестігі"	01.01.2017 дейін қолданылады. 01.06.2017 дейінгі өтпелі кезеңде МЕМСТ 33474-2015 стандарты да оны алмастыратын МЕМСТ 56363-2015 және МЕМСТ 56369-2015 (137 ¹⁰ - тармақты кара) стандарты да қолданылуы мүмкін